



Мерекелік ертеңгілік
«Анашым қорғаушы періштем»
«Бәйтерек» ересек тобы
Өтілетін күні: 01. 03. 2023ж.



Тәрбиешілер: Тажиева Г.О.
Сабденова Г.Қ.
Музыка жетекшісі: Саулимбаева А.

Анашым-қорғаушы періштем

Жүргізуші: -Сәлеметсіздер ме қымбатты аналар! Бүгінгі кереметтей аналар мерекесінде бәріңізді бір сөзбен «аналар» десек әбестігі болмас. Көктем мезгілімен бірге келетін 8-наурыз аналар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, отбасыларыңызға бақыт тілейміз. «Бәтерек»-тобындағы кішкентай бүлдіршіндеріңіздің өздеріңізге арнап дайындаған «Анашым-қорғаушы періштем» деп аталған ертеңгілігімізді бастаймыз.

Ашық аспан көгінде,

Періште баллар бас қосты.

Мереке екен бүгінде

Анасымен қауышар

Туылатын сәт жетті.

Перде ашылады, 5 періште балалар отырады:

1-бала: -Туылатын күн бүгін

Ашамыз дүние есігін.

Кім қандай ана таңдайды,

Тербетететін бесігін.

2-бала: -Менің анам мейірімді болса екен.

3-бала: -Ал менің анам менің бар тілегімді орындаса екен.

4-бала: -Менің анам мені қатты жақсы көрсе екен.

5-бала: -Мен де сондай ана қалаймын.

1-бала: -Ал ендеше аналар

Сәт жетті сізбен қауышар.

Біз сіздерге ұшамыз

Дүние есігін ашамыз.

Үнтаспадан: Туылайын деп жатқан періште сәби ала тағаладан сұраған екен:
-Мені бүгін «туылысың» дейсің. Бірақ мен кішкентаймын ғой. Ол дүниеде қалай өмір сүремін?

Алла тағалам періште сәбиге: -«Сен уайымдама, сенің қасыңда қорғаушы періштең болады»-деген екен.

Періште сәби: -Мен оны қайдан табамын?

Алла тағалам: -Ол періште сені күтіп алып, ыстық алақанымен аялап өсіретін болады!

Сәби: -Ал оның есімі кім? Шатастырып алмаймын ба?

Алла тағала: -Ол кісінің есімі маңызды емес. Бастысы сен оны «Ана» деп атайтын боласың.

Әдемі әуенмен балалар залға кіреді.

Жүргізуші: -Ияяя балалар, қонақтар біз қандай бақыттымыз, баймыз.

Бәріміздің аяулы анамыз бар. Анамызды қатты қатты жақсы көреміз, бас иеміз.

Ән: «Ана»

Тақпақтар:

Айбар.

Өмірге бізді келтіріп

Жарық дүние сыйлаған.

Жамандыққа баласын

Ешқашан да қимаған

Көрмесін қайғы балалар

Аман болсын аналар!

Айқаракөз.

Мәпелеп өсірген

Қатемді кешірген

Тәрбиелеп оқытқан

Білім берген несібем.

Жантөре.

Ақ сүтіңді ақтармын

Ізгілікті сақтармын

Сенен алған өнегем

Ақиқатты жақтармын.

Мансұр.

Наурыздың сегізі

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз баланың

«Ана» деп айтар лебізі.

Амина.

Анам менің- өмірдегі тірегім

Анам менің – кеудемдегі жүрегім

Егер менің қасымда сен болмасаң

Бұл өмірде қалай ғана жүремін

Қасымбек Айару

Сыйлаймын мен жырымды

Сізге арнап жаттаған

Мейрамыңыз бүгінгі

Құтты болсын ақ анам.

Данай

Менің анам ақ анам

Жұмсағанда тіл алам.

Ойыншыққа толтырды

Айналайын ақ мамам.

Шырайлым.

Жүзімізге қараңыз

Бал күлкілі баламыз

Бізге қымбат күншуақ

Бізге қымбат анамыз

Әдемі әуенмен періште келеді. Қайырлы күн қымбатты достар. Қалдарыңыз қалай? Мен әрбір ана құрсағында 9 ай күткен баласын қолына алғанша нәрестелердің қасында жүретін періште боламын. Балалар сендерге өз аналарың ұнайды ма? Ал аналар сіздер өз балаларыңызды жақсы танысыздар ма? Ендеше тексеріп көрейік:

Ойын «Балаңыз қандай?»

Балалар мен риза болдым. Сендерді уайымдаған едім. Аналары қандай екен деп. Аналарың керемет жандар екен. Сендердің үлкен азамат болуларыңа барын салып тәрбиелейтін аналар екен.

Жүргізуші: Періште, қош келдіңіз. Бүгін осы аналарымыздың мерекесін тойлап жатырмыз. Төрлетіңіз мерекні бізбен бірге тамашалаңыз.

Би: «Ламбада»

Балалар бүгін аналарымызбен қатар әжелеріміз бен қыздарымыздың да мерекесі. Қанекей әжеміз бен қыздарымызға арнап жаттаған тақпақтарды айтайық.

Тақпақтар:

Сезім.

Ақ әжемді әрқашан

Сыйлап жақсы көремін.

Қуантайын деп оны,

Өлең айтып беремін.

Едіге.

Мерекені қарсы алып
Мәз болғанда барша жұрт
Гүл ұсынып қыздарға
Береміз біз аналарға ән салып

Арсен.

Әжемді мейрамымен құттықтаймын
Айтатын ән, беретін гүлім дайын
Әжетай сізді жақсы көрем деп
Ақырын құлағыңа сыбырлайын

Нұрали.

Шай ішетін қоюлап,
Жақсы көрем апамды.
Сырмақ сырған оюлап
Жақсы көрем әжемді

Кәусар.

Жанымызды жайнатқан
Сіздерсіз ғой аналар
Зор денсаулық, мол бақыт
Тілейміз біз- балалар

Айлуна.

Жақсы көрем күлкіңді
Айналайын, ақ анам
Менің анам сүйкімді
Бәрінен де жақсы адам
Той пердесін ашайық
Аналарды құрметтеп
Ән маржанын шашайық
Ән: «Мамин праздник»

Көктем ханшайымы келеді: -Сәлеметсіздер ме.

Даланы гүлге ораймын
Көңілді күй де сыйлаймын.
Өнерлерің қандай тамаша,
Қарап тұрып тоймаймын.

Жүргізуші: -Қош келдің ару Көктем. Біз сені сағына күттік. Төрлетіңіз, бізбен бірге мереке тойлаңыз.

Би: «До-ре-ми»

Тақпақтар

Қарақат.

Көктем болды, алақай

Қуанар барлық балақай

Көктемде жаңбыр болады

Бақшаға гүлдер толады

Арайлым.

Жасыл көктем келеді

Самал беттен өбеді

Көкте бұлттар көбейсе

Мөлдір тамшы төгеді

Мерей.

Аяулы анашым-ардағым

Жанымда жүрші әрдайым

Құлпырған гүлімдей жайнай бер

Әнімді мен саған арнадым.

Ә. Раяна.

Құшағыңа кіргенде

Жылынамын бір демде

Не жетеді көзіңе

Мейірімді күнненде.

Құттықтаймын анашым

8-ші наурызбен.

Алуа.

Ақ қабақты анашым,

Күн сәулелі анашым.

Әлпештеген баласын

Айналайын анашым.

Қойлыбай Айару.

Ақ мамамды әрқашан,

Сағынамын, сыйлаймын.

Мейрам сайын мен оған
Түрлі сыйлық сыйлаймын.

Б. Раяна.

Анаң болса қасыңда,
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейірімді ғой керемет.
Арнұр.

Сыйлаймын мен әнімді
Сізге арнап жаттаған
Мейрамыңыз бүгінгі
Құтты болсын, ақ анам
Ән: «Көктем»

Би: «Көңілді би»

Көктем ханшайымы: -Жарайсыңдар балалар! Мені басқа балалар да күтіп
отыр. Қош сау болыңдар.

Жүргізуші: -Көктем келді жайқалып
Жақсылығы байқалып.
Көңілденсін аналар,
Бақытты болсын балалар.

Қымбатты аналар балалардың әзірлеген өнерлері ұнады деген ойдамыз.
Біздің мақсатымыз сіздердің көңілдеріңізді көтеру болатын. Тағы да
мерекелеріңіз құтты болсын, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын.
Назарларыңызға рахмет.







